

**“Су ресурстары-Маркетинг” ЖШС-нің 2016 жылға сүмен жабдықтау және су бұры
қызметтеріне тарифтік сметасын орындауды талдауга**

Түсіндірме хат

I. Орындалған жұмыс көлемі.

I. 2016 жылы көрсетілген қызмет түрлері:

- жоспар бойынша суды тарату 40794,0 мың м³, нақты орындалғаны 41488,7 мың м³, яғни 101,7%;
- жоспар бойынша ағын суларды өткізу 24412,0 мың м³, нақты орындалғаны 24360,2 мың м³, яғни 99,8 %.

"Сайрам-тазалық" ЖШС-і жоспар бойынша 1550,0 м.м³ нақты орындалғаны 2077,3 м.м³ немесе 134,0%/. Жаңа тұтынушылар санының өсуі есебінен көлемдер ұлғайды- 350 жеке үйлер қосылды.

"Тасқұдық БАК" ЖШС-і бойынша орындалған жұмыс көлемі 754,5 м.м³ жоспар бойынша 750,0 м.м³, бұл 100,6 % құрады.

«Су құбыры және канализация басқармасы» МҚҚ-ы тек су тасымалдау қызметін орындағы.

2016 жылы Шымкент қаласы бойынша су тарату жоспарының жалпы көлемі 100,4%, оның ішінде тұргындар және жылумен қамтамасыз ету мекемелері 100,3%, бюджеттік мекемелер 98,8 %, өзге 102,4 %.

Откізілген ағынсу жоспарының көлемі бойынша орындалғаны 99,8%, оның ішінде Шымкент қаласы бойынша 99,8 %. Тұргындар және жылумен қамтамасыз ету санаты бойынша орындалған қызмет көлемі 100,4 %, бюджеттік мекемелер санаты бойынша орындағаны 101,6%, өзге 97,4 %. «Су құбыры және канализация» МҚҚ-ы тек шайынды суларды бұру бойынша қызметтер атқарды.

II. Табыс түсімі.

2016 жылы көрсетілген қызмет түрлеріне есептелген табыс сәйкесінше:

- жалпы жоспар бойынша суды тарату 3857393,4 мың теңге, нақты 3886004,4 мың теңге, асыра орындалғаны 28611,0 мың теңге немесе 100,7 %.

Көрсетілген қызметтердің көлемімен қатар, транзиттік тұтынушылар бойынша: "Сайрам-тазалық" ЖШС-і 30317,2 мың теңге немесе 140,2%. Жаңа тұтынушылар санының өсуіне байланысты су тарату көлемінің өсуі есебінен табыстар ұлғайды- 350 жеке үйлер қосылды.

"Тасқұдық БАК" ЖШС-і бойынша орындалғаны 18452,5 мың теңге немесе 100,7%.

Шымкент қаласының тұтынушылары бойынша сүмен жабдықтау қызметі бойынша есептелінген табыс 3837234,7 мың теңге жоспар бойынша 3817434,5 мың теңге немесе 19800,2 мың теңге көлемінде жоспардан көп табыс түскен, 100,5%.

- Откізілген ағынсу жоспарының көлемі бойынша орындалғаны 1483784,5 мың теңге, нақты есептелгені 1474287,7 мың теңге немесе 9497,0 мың теңгеге жоспардан кем, 99,4%. Шымкент қаласының тұтынушылары бойынша табыстар 1474287,7 мың теңгеге орындалды немесе 99,4 %.

III. Тарифтік сметаларға қосылған шығындарды орындау.

Көтерілген су көлемі жоспар бойынша 49019,5 мың м³, нақты көтерілгені 49852,1 мың м³, 832,6 мың м³ жоспардан артық немесе 101,7%. Суды көтерудің өсуі

тұтынушылардың суға қажеттілігінің өсуімен байланысты. 2016 жылға нақты нормативтік су шығыны 16,78 % құрады, 16,78% бұл бекітілген шығынға сәйкес келеді.

2016 жылы тарифтік сметалардың шығынды бөлігі құрады:

Сумен жабдықтау қызметінің негізгі өндірістік тарифтік сметасы бойынша, жоспарда 2771341,4 мың теңге, орындалғаны 2740315,8 мың теңге, 98,9 %-ға орындалды. Тарифтік сметаның бөліміне ұқсас су бұру қызметі бойынша, жоспарда 936519,1 мың теңге, нақты орындалғаны 924395,6 мың теңге немесе 98,7 %-ды құрады.

Сумен жабдықтау қызметінің шығыны өндірісінің бабы бойынша 31025,6 мың теңгеге сумен жабдықтау қызметтері бойынша үнемдеу, су бұру қызметтері бойынша 12123,5 мың теңге үнем, негізі химиялық реагенттер, электр энергиясын, амортизация, суды және шайынды суларды тасымалдау қызметтері, техникалық қызмет көрсету есебінен, өзге де басқа шығындар есебінен үнемделді.

Сумен жабдықтау қызметінің электр энергиясы бойынша технология бойынша энергия сыйымдылығы көбірек жаңа технологияларды, жаңа техникалар мен қондырғыларды ендіру есебінен 4259,4 мың теңге үнемделді.

Су бұру қызметі бойынша электр энергия бабы бойынша 4310,2 мың теңге үнемделді. Азаю себебі тазалау ғимаратын қайта құру мен жаңғырту кезінде қайталама радиалды тұндырғыштардың, құм ұстағыштардың және де басқа жабдықтардың уақытша тоқтап тұруымен байланысты.

Сумен жабдықтау қызметі бойынша «амортизация» бабы бойынша жоспарланған сумен жабдықтау нысандары аяу-райының жағдайына байланысты бітірілмеген құрылышта болғандықтан амортизация есептелінбеген.

Су бұру қызметі бойынша «амортизация» бабы бойынша 2016 жылы тазалау ғимараттарында биогазды өндіру бойынша стансасын іске қосу жоспарланған, бірақ аяу-райының қолайсыз жағдайына байланысты жабдықтарды жеткізу 2017 жылға ысырылды.

«Суға төлем» бабы бойынша 107,9 мың теңге сомасында кішігірім артық жұмсау орын алды, өйткені 4 орамда су қабылдағыштар бойынша жер асты және жер үсті суларды көтеру көлемдерін қайта бөлу болды, осыған байланысты жер үсті сулардың көлемі ұлғайып кетті.

«Суды тасымалдау» бабы бойынша нақты орындалғаны 96,4%, ал шайынды суларды тасымалдау бойынша қызметтер 97,9% орындалды.

“Жалпы және әкімшілік шығындар” тарауы бойынша сумен жабдықтау қызметіндегі шығын 99,5%, су бұру қызметтері бойынша 98,4% игерілді.

Сумен жабдықтау қызметтері бойынша «салық» бабы бойынша шығындарды үнемдеу, мұлік салығы, НДПИ және мемлекеттік баж салығы есебінен 1252,8 мың теңгеге орындалды, су бұру қызметтері бойынша 3045,6 мың теңгеге мұлік салығы, мемелекеттік баж салығы, алымдар есебінен.

Коммуналды қызметтер бойынша энергияны үнемдейтін технологияларға (газ) көшу және ішкі автономды жылдытуға ауыстыру есебінен кішігірім артық шығындар орын алды. Су бұру қызметтері бойынша қарыз қаражаттар үшін сыйақыны төлеудің шығындары артты, су бұру обьектілеріне ең көп пайдалануымен қарыз қаражатын қайта бөлу жүргізілді.

«Тарату қызметінің шығындары» тарауы бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша 99,8% орындалды. Дилерлік участкердің шығындарын онтайландыру есебінен үнемдеу орнады.

Шығындардың жалпы көлемі:

-сумен жабдықтау қызметі бойынша жоспарланғаны 3732619,4 мың теңге, орындалғаны – 3689990,6 мың теңге немесе 98,9%;

-суды бұру қызметі бойынша жоспарланғаны 1347947,5 мың теңге, орындалғаны – 1342775,7 мың теңге немесе 99,6%

Сумен жабдықтау қызметінің тарифтік смета бойынша 2016 жылдың қорытындысы бойынша нақты табыс 196013,8 мың теңге, ал су бұру қызметі бойынша 131511,7 мың теңгені құрды. Тарифтік смета бойынша сумен жабдықтау және су бұру қызметтері бойынша жалпы табыс 327525,5 мың теңге.

IV. Қаржылық-шаруашылық қызметтінің қорытындысы. Инвестициялық бағдарламаны іске асырудың әсері.

2016 жылы барлық қызметтердің салық салуынан кейінгі жалпы табыс (шығын) 18337,0 мың теңгені құрды.

ҚР Табиғи ресурстарды реттеу агенттігінің ОҚО бойынша Департаментінің 25.06.2014ж. №139-НҚ бұйрығына сәйкес, 2016 жылға судың нормативтік-техникалық 16,78 % болып бекітілді. 2016 жылғы нақты нормативтік-техникалық шығыны 16,78%. 2015 жылғы нормативті су кету 17,03% құрды, яғни шығындардың азауы 2015 жылмен салыстырған 0,25%-ға төмен.

01.01.2016 ж.су құбырларының тозығы 39,5% құрган еді, 01.01.2017ж. 38,3% құрды. 01.01.2016 ж. көріз жүйелері құбырларының тозығы 55,6 % құрды, 01.01.2017 ж. 53,1 % құрды.

Жоспар бойынша 4988,035 млн.тенге, 2016 жылға инвестициялық бағдарламаның орындалуы 5 027,8 млн.тенгені құрады (оның ішінде ЕҚҚДБ есебінен 3 424,4 млн.тенге, өз қаражаты есебінен 603,86 млн.тенге, субсидия есебінен 958,34 млн.тенге, өзге қызметтер бойынша 41,07 млн.тенге). Кәсіпорынның инвестиациялық бағдарламаны орындау бойынша тапсырмасы орындалды.

Бас директор

М. Урманов

Бас директордың экономика және маркетинг жөніндегі орынбасары

Ж. Тұрдалиев

Бас директордың орынбасары-бас есепші

Л. Алиева

Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы

О. Оңланов